


Аймақ агросаласының мүмкіндігі мол
2-бет

Тың туынды заман келбетін көрсетіп тұр
6-бет

Қарағандыға деген махаббат
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 22 МАУСЫМ, 2024 ЖЫЛ №69 (23 391)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Құрметті полиция қызметкерлері мен сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – Полиция күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

1992 жылғы 23 маусымда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» заңды қабылдаған болатын. Бұл біздің мемлекетіміздің тарихындағы ерекше маңызға ие оқиға.

Бүгінгі таңда сіздер жоғары кәсібиліктеріңіз бен қызметке деген адалдықтарыңыздың арқасында өздеріңізге жүктелген міндетті абыроймен атқарып келесіздер.

Күн сайын учаскелік инспекторлар, тергеушілер, жедел уәкілдер мен криминалистер қоғамның қауіпсіздігі мен заңның үстемдігін қамтамасыз ете отырып, қылмыстардың алдын алады.

Осы күнге орай біз сіздерге мамандыққа адалдықтарыңыз үшін алғыс білдіреміз. Сіздердің қызмет барысында танытатын қажыр-қайрат пен жігерлеріңіз, батылдықтарыңыз азаматтарымыздың өмірін сақтап, жас ұрпаққа үлгі-өнеге болуда.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, қызметтеріңізге табыс тілейміз!

Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нүркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• 23 МАУСЫМ – ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

«Инспектор үшін бөтен бала болмайды»

Қоғамның, сіз бен біздің тыныштығымыз үшін уақытпен санаспай жұмыс істейтін полиция қызметкерлерінің еңбегін жете бағаламай жататынымыз рас. Олардың күн сайын атқаратын, көзге көрінбейтін істері қоғамның тұтастығын сақтап, тұрақтылығын қамтамасыз етуге тікелей байланысты екенін ойланбаймыз. Дегенмен, халықтың «полицияға сенбейміз!» деген қалыптасқан сынаржақ пікірін өзгерту үшін мемлекет тарапынан да түрлі реформалар қолға алынып, мамандықтың мәртебесін арттыру бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Ал, өмірін қатерге тігіп, адам өмірін сақтауда, бейбітшілік пен тыныштықты орнатудағы олардың еңбектеріне әділ бағасын беру – бүгінгі міндет. Себебі, көпшіліктің сын-пікіріне қарамастан, олар өз істеріне адал. Ал, осы орайда ювеналды полиция тобы инспекторларының еңбегі ерекше атауға тұрарлық. Себебі, баламен жұмыс – шетін дүние. Бұл жерде мүлт кетпейтін кәсібилікпен қатар, үлкен жүрек те керек.

да талай баланың өміріне араша болып, талайының тағдырына оң әсер еткені бар.

Бірақ, бұны ерлік емес, қызметтік міндетім, адам ретіндегі борышым деп санайтын Әсел бала жүрегіне жол табу үшін алдымен олармен сөйлесе білу керек екенін де айтады.

«Адамның адамгершілігі, кеңпейілдігі, мейірімділігі балаға қа-



Суретті түсірген Ж.Обайтұлы. Қаламалы аялған Ш.Адамбеков

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Танымайтын адамның Қарағанды облысының полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының ювеналды полиция тобының аса маңызды тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Әсел Омароваға жақындай қоюы қиын. Сырт қарағанда өте суық көрінетін полиция подполковнигі сөзге де сараң. Бірақ, бұл – алдамшы сезім. Әсел Бақыт-

жанқызын сөйлету үшін бала туралы сөз қозғау керек. Сол кезде ағынан жарылған полиция қызметкері көз алдыңызда жан-жағына мейірім төккен, бар баланы бауырына тартып, махаббатын арнауға бейіл қамқор анаға айналып, көзінде ерекше бір ұшқын пайда бола қалатыны бар. Оны өзі байқамайтын да шығар, әсте. Бірақ, балаға қатысты дүниеге бейжай қарай алмайтын оның бұл өзгеше түрленіп шығуы алдымен жауапкершілігі, содан кейін жұмысын

ерекше жақсы көруінен.

Әсел Омарова полициядағы қызметін әуелде 2006 жылы Қарағанды қаласы полиция басқармасының Орталық полиция бөлімінде мектеп инспекторы болып бастап, алты жылдан кейін аға инспектор лауазымына көтерілген. 2022 жылы облыстың полиция департаментіне ауысты. Инспектор ретінде жиырма жылға жуық қызмет етіп, подполковник дәрежесіне көтерілген полиция қызметкері осы уақыт аралығын-

рым-қатынасы арқылы өлшенеді» (В.Сухомлинский).

Әсел Бақытжанқызының балалары көп. Өзі өміріне араша түскен әр баланы бір-бірінен бөлмей, «балаларымның бәрін жақсы көремін!» дейтін подполковниктің жиырма жылда қанша отбасын күйреуден аман алып қалып, қанша баланың өмірге, адамдарға, полицияға деген сенімін жоғалтауына қанша еңбек сіңіргенін өзіңіз бағамдай берсеңіз болады.

➤ 3-бет

• КӘСІПКЕРЛІК

Шағын бизнесті қолдау ауқымы артады

Парламент палаталарының бірлескен отырысында шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігі қалай арта түсетіні туралы айтылды. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров бүгінгі таңда шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі 36,5%-ды құрайтынын жеткізді.

«Орта бизнес субъектілерінің санын арттыру және кәсіпкерлікті дамыту үшін бизнес-ахуалды жақсарту және әкімшілік қысымды төмендету бойынша кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, мемлекеттік қолдау құрылымы қайта қаралуда», – деді ол.

Оның айтуынша, іскерлік ахуалды жақсарту мақсатында бизнеске қойылатын 10 мыңнан астам негізсіз талап күшін жойды. Рәсімдерді оңайлату мен лицензия, рұқсаттама алуға біліктілік талаптарын жеңілдету жұмысы қолға алынған. Цифрландыру арқылы мемлекеттік қолдау шаралары мен мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу жеңілдетілді.

Бұған қоса, орта бизнестің анағұрлым бәсекеге қабілетті субъектісіне сервистік қолдау көрсетілетін және қаржылық, қаржысыз және инфрақұрылымдық қолдаудың қажетті жиынтығы болатын арнайы келісім енгізіледі.

Сонымен қатар, жаңа Салық кодексінде бизнесті ірілендіруге және оның көлемден шығуына ықпал ететін бірқатар ынталандыру шаралары көзделген. Соның ішінде персоналдар саны бойынша өлшемшарттарды жою және ҚҚС бойынша есепке қою үшін кірістер бойынша лимитін ұлғайту қарастырылуда.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау үшін Қазақстанда шығарылған тауарлар тізілімін енгізу жоспарлануда.

Өз тілімізден

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАЛА	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5827,65 ТҒ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3079,65 ТҒ
Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН /АУЫЛ	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5891,70 ТҒ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3083,70 ТҒ

Қарағанды қ., Ермеков к., № 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары: Тел.: 43-57-89
Сағыныш – 8-702-638-56-85; Нұрсұлу – 8-705-902-04-05;
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Мемлекеттік қызмет эволюциясы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Мемлекет адам үшін қызмет етуі керек» деген нақыл сөзі бүгінде әркімнің есінде. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі алдымен ұлттың тұрақты негізде дамуы мен өрістеп, өркендеуіне іргетас болып, елді ұйыстырып басқаруда шешуші рөл атқарып келеді. 1991 жылы Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан мемлекеттік басқарудың заманауи, ашық әрі тиімді жүйесін құру үшін сантүрлі реформалардың ұзақ жолынан өтіп келді. Зер салайық...



Қаламалы аялған Ш.Адамбеков

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

➤ 4-бет

